

## БӨЛІМ: ЖАҢАЛЫҚТАР

## Маман дайындаудағы кәсіптік чемпионаттар маңызы

ЖАРИЯЛАНДЫ  
14.12.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/87159/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Еңбекке баулу, техниклық-шығармашылық, сабақтан тыс колледж оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлерінің ұйымдастыруымен құрылыс және сәулет мамандығы студенттерінің арасында конкурстар ұйымдастырылып отырады, бұл өзара теория мен тәжірибенің байланысы студенттердің кәсіби біліктілігін...

Еңбекке баулу, техниклық-шығармашылық, сабақтан тыс колледж оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлерінің ұйымдастыруымен құрылыс және сәулет мамандығы студенттерінің арасында конкурстар ұйымдастырылып отырады, бұл өзара теория мен тәжірибенің байланысы студенттердің кәсіби біліктілігін арттырады, өз мамандығына деген қызығушылығы арта түседі.

Карантин адамдарды өмір салтын түбегейлі өзгертуге және қашықтан жұмыс түріне көшуге мәжбүр етті. «Worldskills Kazakstan - 2020 өңірлік чемпионатыда қашықтықтан өтті.

«Worldskills Kazakstan — 2020» кәсіптік шеберліктің Ұлттық чемпионатында студенттер «Тас қалау» және «Майлау және безендіру» құзіреттілігі бойынша дайындалып, бекітілген тапсырмалар бойынша өздерінің шеберлігін көрсетті.

Сарапшылар комиссиясы құрылып, студенттер жұмыстары бағаланып, жеңімпаздар анықталды.

Нәтижесінде 1 студент «Үздік маман» алқасымен, 1 студент қатысқаны үшін сертификат иеленді.

Студент конкурсқа қатысып, өз білімін шыңдайды, өзіне-өзі сенімділікпен қарайды, қандай қиыншылық болса да оны білімімен, өнерімен жеңіп шығуға тырысады.

Студент өз мамандығына және жан-жағына басқа көзқараспен қарайды. Басқа студенттермен іштей өздерін салыстыра бастайды, өз қолдарынан жасап шығарған дүниесінің қандай еңбекпен келгенін бағалай бастайды. Осылай оқытушы мен шәкірттің еңбектері жетістіктерге жете бастайды. Әрі тәжірибе алу, әрі тәжірибе алмасу.

Осы орайда Абай атамиздың өсиет сөзі есіме түседі «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», осындай еңбектену арқылы әрі білімді, әрі ғылымды, жан-жағымыздағы

адамдарды жақсы көруді үйренеміз, оның өзінде зор жетістік деп білемін.

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.